



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

08.02.2023 № 2-01-23-11142

13.01.2023 жылғы №ДЗ-12

Қазақстан Республикасы  
Парламентінің Мәжілісі

Елдегі әуежайларының айналасындағы жағдай туралы

Бас прокуратура құзыреті шегінде әуеайлақ маңындағы аумақтарда салынған және ұшу-қону жолағына қауіпті жақындықта орналасқан барлық объектілер бойынша шаралар қабылдау туралы депутаттық сауалды қарады.

Қадағалау қызметінің шеңберінде прокуратура органдары жергілікті атқарушы органдардың әуежайлар маңында жерлерді беруі кезінде көптеген заңдылықты бұзушылықтарды анықтады.

Белгілі болғандай, «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Заңның 90-бабының 4-тармағына сәйкес әуеайлақтың бақылау нүктесінен он бес километр жақын қашықтықта тағам қалдықтарын тастайтын орындарды, аң фермаларын, қасапханаларды және құстарды тартумен және олардың топталып жиналуымен ерекшеленетін басқа да объектілер құрылысын орналастыруға тыйым салынады.

Осы тыйым-салуға қарамастан әуежайлардың әуеайлақ маңындағы аумақтарында құстардың тартумен және олардың топталып жиналуымен ерекшеленетін **350** объекті салынды.

Бұдан басқа, әуежайлардың жанында қатты тұрмыстық қалдықтар полигондары мен рұқсат етілмеген полигондардың орналасуы әуе тасымалының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты онсыз да тұрақсыз жағдайды нашарлатты.

Мысалы, Алматы қаласының әуежай аймағында осындай **10**-нан астам нысан жұмыс істейді.

Өз кезегінде, Азаматтық авиация комитетінің (бұдан әрі – ААК) мақұлдауынсыз Шымкент қаласы әуежайының 4 шақырымдық аймағында **1 303** объекті салынды.

**Анықтама ретінде:** Үкіметтің 2011 жылғы 12 мамырдағы №504 қаулысымен бекітілген әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсаттар беру қағидаларының 5 және 6-тармақтарын бұзу.

Осыған ұқсас фактілер еліміздің барлық өңірлерінде (Қостанай облысын қоспағанда) анықталды, онда тиісті келісімінсіз **100** мыңнан астам түрлі құрылыс объектілері салынды.

**Алматы қаласы әуежайының жағдайы туралы**

2021 жылдың қазан айында ААК-нің мамандары аталған әуежайдың ұшу жолағына зерттеу жүргізді, онда әуеайлақтарды пайдаланудың жарамдылығы нормадан ауытқығаны анықталды.

Тексеріс қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтар жойылған жағдайда қолданылу мерзімі шектеулі (20.04.2023 жылға дейін) әуеайлақтың жарамдылық сертификатын беру туралы шешім қабылданды.

Қазіргі уақытта аталған бұзушылықтар әуеайлақ аумағына жақын **23** тұрғын үй құрылысының орналасуына байланысты жойылмаған.

31.12.2022 жылы Бас прокуратура Премьер-Министрдің бірінші орынбасарының атына заң бұзушылықтарды жою туралы мынадай шаралар қабылдау үшін ұсыну енгізді (қаралу сатысында):

- әуежайларға жақын объектілердің тиісті келісімінсіз тұрғызуға жол бермеу жөніндегі жергілікті атқарушы және уәкілетті органдар арасындағы өзара іс-қимыл алгоритмі әзірленсін;

- әуеайлақ маңындағы аумақтарда жерлерді аймақтарға бөлу қамтамасыз етілсін;

- әуежайлардың санитарлық-қорғау аймақтарын орнату бойынша жұмыстар жүргізілсін;

- ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, жер учаскелерін заңсыз иеленуден алу және әуежайлардың санитарлық-қорғау аймақтарына қайтару мәселелері қаралсын;

- тамақ қалдықтары шығарылатын орындарды, қоқыс үйінділерін (әуеайлақтың бақылау нүктесінен 15 км жақын қашықтықта) орналастыруға, аң шаруашылығы фермаларын, мал сою алаңдарын және құстардың тартумен және жаппай жиналуына ықпал ететін өнеркәсіптік және тұрмыстық инфрақұрылымның басқа да объектілерін салуға тыйым салынсын;

- жер және көлік заңнамалары талаптарының тиісінше орындалуын қамтамасыз ету жөнінде кешенді іс-шаралар жүргізілсін;

- кінәлі адамдарды жауапқа тарту туралы мәселесі шешілсін.

Бұдан басқа, елордалық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті Қылмыстық кодекстің 370-бабы 4-бөлігінің 1-тармағы (қызметтегі әрекетсіздік) бойынша ААК-нің қызметкерлеріне қатысты 2018 жылы «Fokker-100» ұшағының апатқа ұшырауына әкеп соққан Алматы қаласы әуеайлағының ұшуға жарамдылығы сертификатын заңсыз беру жөніндегі қылмыстық істі тергеп-тексеруде.

Лауазымды адамдардың іс-әрекеттеріне түпкілікті бағалау тергеу қорытындысы бойынша берілетін болады.

Құрметпен,

**Б. Асыллов**



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

08.02.2023 № 2-01-23-11142

13.01.2023 года №ДЗ-12

## Мажилис Парламента Республики Казахстан

О ситуации вокруг аэропортов страны

Генеральной прокуратурой в пределах компетенции рассмотрен депутатский запрос о принятии мер по всем объектам, построенным на приаэродромных территориях и находящимся в опасной близости от взлетно-посадочной полосы.

В рамках надзорной деятельности органами прокуратуры выявлены многочисленные нарушения законности при предоставлении местными исполнительными органами земель вблизи аэропортов.

Как известно, в соответствии с п.4 ст.90 Закона «Об использовании воздушного пространства Республики Казахстан и деятельности авиации» запрещается размещать на расстоянии ближе 15 километров от контрольной точки аэродрома места выброса пищевых отходов, строительство звероводческих ферм, скотобоен и других объектов, отличающихся привлечением и массовым скоплением птиц.

Вопреки этому запрету на приаэродромных территориях аэропортов возведено **350** объектов, отличающихся привлечением и массовым скоплением птиц.

Более того, расположение вблизи аэропортов полигонов твердо-бытовых отходов и несанкционированных свалок ухудшили и без того крайне нестабильную ситуацию, связанную с обеспечением безопасности воздушных перевозок.

К примеру, в зоне аэропорта г.Алматы функционирует свыше **10** таких объектов.

В свою очередь без одобрения Комитета гражданской авиации (далее – КГА) в 4-х километровой зоне аэропорта г.Шымкент возведено **1 303** объекта.

**Справочно:** нарушение пп.5 и 6 Правил выдачи разрешений на осуществление деятельности, которая может представлять угрозу безопасности полетов воздушных судов, утвержденных постановлением Правительства от 12 мая 2011 года № 504.

Подобные факты выявлены во всех регионах страны (за исключением Костанайской области), где без соответствующего согласования возведено более **100 тыс.** различных строительных объектов.

### О ситуации с аэропортом г.Алматы

В октябре 2021 года специалистами КГА проведено обследование летной полосы отмеченного аэропорта, где установлены отклонения от норм годности эксплуатации аэродромов.

По итогам обследования принято решение о выдачи сертификата годности аэродрома с ограниченным сроком действия (до 20.04.2023 года) при условии устранения выявленных нарушений.

В настоящее время указанные нарушения не устранены из-за расположения **23** жилых строений непосредственно вблизи аэродромной территории.

31.12.2022 года Генеральной прокуратурой на имя первого заместителя Премьер-Министра внесено представление об устранении нарушений законности (на рассмотрении) для принятия следующих мер:

- выработать алгоритм взаимодействия между местными исполнительными и уполномоченными органами по недопущению возведения без соответствующего согласования объектов вблизи аэропортов;

- обеспечить зонирование земель на приаэродромных территориях;

- провести работу по установлению санитарно-защитных зон аэропортов;

- совместно с Министерством сельского хозяйства рассмотреть вопросы изъятия из неправомерного владения и возврата земельных участков в санитарно-защитные зоны аэропортов;

- запретить размещение (на расстоянии ближе 15 км от контрольной точки аэродрома) мест выброса пищевых отходов, мусорных свалок, строительство звероводческих ферм, скотобоен и других объектов промышленной и бытовой инфраструктуры, способствующих привлечению и массовому скоплению птиц;

- провести исчерпывающие мероприятия по обеспечению надлежащего исполнения требований земельного и транспортного законодательства;

- решить вопрос о привлечении к ответственности виновных лиц.

Кроме того, столичным Департаментом по противодействию коррупции расследуется уголовное дело в отношении сотрудников КГА по п.1 ч.4 ст.370 (бездействие по службе) Уголовного кодекса, которые в 2018 году незаконно выдали сертификат летной годности аэродрома г.Алматы, что повлекло крушение самолета «Fokker-100».

Окончательная оценка действиям должностных лиц будет дана по итогам расследования.

С уважением,

**Б. Асыллов**